

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қор арасында 1996 жылғы 17 мамырда жасалған келісім туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 мамыр N 651

"1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заң күші бар N 2700 U952700_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен әкімдердің кепілдігіне кредиттер бойынша қарыздарды өтеуден түсетін қаражаттың республикалық бюджеттің кірісіне түсуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қор арасында 1996 жылғы 17 мамырда жасалған, ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға меншіктің барлық нысанындағы Ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерге берілген кредиттер бойынша қарыздарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6

наурыздағы N 224 қаулысына сәйкес берілген Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қордың Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі алдындағы қарызын өтеу тәртібі туралы келісім мақұлдансын (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 28 мамырдағы

N 651 қаулысымен

Мақұлданған

Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл шаруашылығы қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға меншіктің барлық нысанындағы

Ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерге берілген кредиттер бойынша қарыздарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 наурыздағы N 224 қаулысына сәйкес берілген Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қордың Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі алдындағы қарызын өтеу тәртібі туралы
Келісім

Алматы қаласы

1996 жылғы 17 мамыр

Бір жағынан бұдан әрі "Қаржымині" деп аталатын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі атынан министр А.С. Павлов және екінші жағынан бұдан әрі "Қор" деп аталатын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қор атынан президент А.Ф. Романов агроөнеркәсіптік кешенді қаржы жағынан тұрақтандыру мақсатында, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің ауыр қаржы жағдайын ескере отырып, төмендегі мәселелер туралы осы келісімді жасасты.

1. Келісімнің мәні

Осы арқылы Қаржымині мен Қор бұдан бұрын Қордың балансына берілген, 1995 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өтелмеген мынадай қарыздарын растайды:

Қаржыминінің кепілдігіндегі директивалық кредиттер бойынша 188628,2 мың теңге сомасында;

облыстық әкімшіліктердің кепілдігіндегі директивалық кредиттер бойынша 54385,6 мың теңге сомасында;

банктердегі N 620 баланстық шотта есепке алынатын қысқа мерзімді несиелер бойынша 793642,5 мың теңге сомасында;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жалақысына берілген кредиттер бойынша 519260,1 мың теңге сомасында;

кәсіпорындардың өзара қарыздарының ішкі республикалық есептемесінің дебеттік сальдосын өтеуге берілген кредиттер бойынша 9110829,2 мың теңге сомасында.

Қарыздардың жалпы сомасы:

негізгі борыш бойынша - 10666745,6 мың теңге;

Қаржыминінің кепілдігіндегі директивалық кредиттер бойынша - 227077,5 мың теңге ;

облыстық әкімшіліктердің кепілдігіндегі есептелген, бірақ төленбеген проценттер бойынша - 52930,4 мың теңге;

шаруашылық жүргізуші субъектілердің шоттарында қаражат болмауына байланысты есептелген, бірақ төленбеген проценттер, айыппұлдар мен өсімдер бойынша - 1887347,2 мың теңге;

ішкі республикалық есептеудің дебеттік сальдосын өтеуге берілген кредит бойынша есептелген, бірақ төленбеген проценттер бойынша- 18595762,3 мың теңге;

жалақы төлеуге берілген кредит бойынша есептелген, бірақ төленбеген проценттер бойынша - 100996,8 мың теңге құрайды.

1995 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша проценттер жөніндегі қарыздың жалпы сомасы 20864114,2 мың теңге құрайды.

1995 жылдың 1 наурызына жоғарыда аталған кредиттер бойынша негізгі борыш пен проценттер жөніндегі қарыздың жиынтық жалпы сомасы 31530859,8 мың теңге құрайды.

Қаржымині Қордың мынадай қарыздарын:

1995 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша проценттер жөніндегі қарыздың барлық жалпы сомасын, яғни 20864114,2 мың теңгені;

1995 жылдың 1 наурызына негізгі борыш бойынша қарыздың жалпы сомасының 50 процентін, яғни 5333372,8 мың теңгені біржақты тәртіппен жояды.

Қ о р .

1995 жылдың 1 наурыздағы жағдай бойынша жоғарыда аталған кредиттер жөніндегі негізгі борыштың жалпы сомасының 50 процентін, яғни 5333372,8 мың теңгені 1997 жылдың 15 желтоқсанына дейін өтеуге;

бұдан әрі "заемшылар" деп аталатын жеке заемшылардың - ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қарыздарын реттеу жөнінде мынадай ұйымдастыру жұмысын жүргізуге:

а) 1996 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде заемшылармен олардың жоғарыда аталған кредиттер бойынша қарыздарды өтеу жөніндегі міндеттемелері туралы жеке шарттар (қосымша) жасауға;

б) шарттарға қол қоймайтын заемшыларды мемлекет тарапынан қаржылай қолдаудың кез-келген нысаны тоқтатылатыны туралы хабардар етуге;

в) 1996 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде шарттарға қол қоймаған заемшылармен шағым беру-талап қою жұмысын жүргізіп, одан әрі қарыздарды өндіріп алу жайындағы талаптарды сотқа беруге;

г) Қаржыминінде қол қойылған шарттар туралы ай сайын есеп және заемшылардың қарыз сомаларын өтегені туралы тоқсан сайын есеп беріп отыруға.

д) заемшылардың шарттардың міндеттемелерін орындауын үздіксіз бақылап отыруға;

е) 1997 жылдың 15 желтоқсанынан кейін шарттар бойынша міндеттемелерін

орындамаған заемшыларға қаржылай қолдау көрсетпеуге;

ж) 1997 жылдың 15 желтоқсанынан кейін шарттар бойынша міндеттемелерін орындамаған заемшылармен шағым беру-талап қою жұмысын жүргізіп, одан әрі қарыздарды өндіріп алу жайындағы талаптарды сотқа беруге;

з) соттың шешімін орындау мүмкін болмайтын жағдайда төлем қабілеті жоқ заемшыларға қатысты материалдарды банкроттық жайында сотқа беруге;

и) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірге қайта ұйымдастырылатын заемшылардың құқық иеленушілерін міндетті түрде айқындау жайын бақылауды сақтау жөнінде бірлескен жұмыс жүргізуге м і н д е т т е н е д і .

С а н к ц и я л а р

Қор жоғарыда аталған шарттарды орындамаған жағдайда Қаржымині Қордың ағымдағы қаржыландырылуын тоқтата тұрады.

Қор негізгі борыштың 50 процентінің сомасына тең, яғни 5333372,8 мың теңге қарызды 1997 жылдың 15 желтоқсанына дейінгі мерзімде қайтармаған жағдайда осы соманың қарыздың төленген бөлігін шегеріп тастағаннан кейінгі қалдығы 1997 жылдың мемлекеттік бюджетінің Қорды қаржыландыру жөніндегі бабының сомасынан есептен шығарылады немесе 1998 жылдың мемлекеттік бюджетінің тиісті бабына қ о с ы м ш а е н г і з і л м е й д і .

2. Келісімнің күшіне ену шарттары

Осы келісім Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысы қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Осы келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізу тараптардың өзара және жазба келісімі бойынша жүргізіледі.

Өзара құптарлық шешімдерге қол жетпеген жағдайда даулар заңда белгіленген тәртіппен сотта шешіледі.

Осы келісім заңды құжат болып табылады, орыс тілінде төрт дана етіп, тараптардың әрқайсысы үшін екі данадан жасалды, олардың әрқайсысының заң жүзіндегі күші бірдей.

3. Тараптардың деректемелері

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі - 480091. Алматы

қаласы, Абылай хан даңғылы, 97.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі -
480065, Алматы қаласы, Республика алаңы, 15.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
Қаржы министрі министрлігі жанындағы
Ауыл шаруашылығын
қаржылай қолдау
жөніндегі мемлекеттік
қордың президенті

ШАРТ

_____ қаласы " __ " _____ 1996 ж.

Біздер, төменде қол қоюшылар, бұдан әрі "Қор" деп аталатын
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл
шаруашылығы министрлігі жанындағы ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау
жөніндегі мемлекеттік қоры атынан оның Уәкілі _____

_____ және бұдан әрі "Борышкер" деп аталатын _____

_____ атынан _____

төмендегілер туралы осы шартты жасадық:

1. Шарттың мәні

1. Борышкердің "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
министрлігі жанындағы ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі
мемлекеттік қорға меншіктің барлық нысанындағы кредиттер бойынша
қарыздарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинетінің 1995 жылғы 6 наурыздағы N 224 қаулысына сәйкес негізгі
борышты, есептелген проценттер мен айыппұл өсімдерін ескеріп Қорға

_____ теңге сомасында кредиттік берешегі бар.

2. Тараптардың міндеттері

2.1. Қор " _____
N _____ қаулысының, сондай-ақ" _____

" " _____ Қазақстан Республикасы қаржы министрлігімен
жасалған N___ негізінде Бoryшкер негізгі қарызына есептелген
проценттерді, айыппұл өсімін жояды.

2.2. Бoryшкер _____

теңге құрайтын негізгі қарыз сомасының 50 процентін 1996 жылдың 15 желтоқсанына
дейінгі мерзімде өтеуге міндеттенеді.

2.3. Бoryшкердің осы Шартқа қол қойылған сәттегі проценттер мен айыппұл
өсімдерін төлеу есебіне жасалған төлемдерін Қор негізгі қарыз сомасының төлеміне
қ а й т а р е с і м д е й д і .

Егер төленген проценттер мен айыппұл өсімінің сомасы негізгі қарыз сомасының 50
процентінен асып кетсе немесе соған тең болса, онда Қор Бoryшкердің негізгі
қарызынан қалдық сомасын жояды.

Егер төленген проценттер мен айыппұл өсімінің сомасы 50 проценттен кем болмаса
, онда Бoryшкер қарызын өтеуді жалғастырады.

2.4. Бoryшкер осы шарттың 2.2-тармағының шарттарын орындаған жағдайда Қор
негізгі қарыз сомасының қалған 50 процентін жою жөнінде өзіне міндеттеме алады.

2.5. Бoryшкер осы Шарттың 2.2.-тармағының шарттарын орындамаған жағдайда
негізгі қарыздың төленген бөлігін шегеріп тастағаннан кейінгі негізгі қарыздың толық
сомасы қалпына келтіріледі, ол _____

_____теңге құрайды және осы кредитті пайдаланған барлық уақыт үшін 10 процент
жылдық есептеле отырып, 1997 жылдың 15 желтоқсанына дейін төлеуге жатады.

2.6. Бoryшкер осы Шарттың 2,5-тармағының шарттарын орындамаған жағдайда
Қор Бoryшкерге қатысты шағым беру-талап қою жұмысын жүргізеді.

2.7. Бoryшкер соттың шешімдерін орындай алмайтын жағдайда Қор

Бoryшкерге қатысты материалдарды банкроттық тұрғысында сотқа береді.

3. Қосымша шарттар

3.1. Осы шарт бірдей заң күші бар 3 дана етіп жасалды, шарттың
біреуі - Қорға, екіншісі - Бoryшкерге, үшіншісі - Қазақстан
Республикасының Қаржы министрлігіне арналған.

3.2. Барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының
заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

3.3. Шарт тараптардың келісімінсіз өзгертуге жатпайды.

4. Тараптардың деректемелері

Қор

Борышкер
